

«Ахмет Ясауиден Ахмет Байтұрсынұлына дейін: түркі тілдерінің даму үрдістері»
«Ahmet Yesavi'den Ahmet Baytursynov'a: türk dillerinin gelişim eğilimleri»
«От Ахмета Ясави до Ахмета Байтұрсынова: тенденции развития тюркских языков»
«From Akhmet Yasawi to Akhmet Baitursynov: trends in the development of turkic languages»



**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«АХМЕТ ЯСАУИДЕН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА ДЕЙІН: ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ
ДАМУ ҮРДІСТЕРІ»
атты халықаралық конференция
материалдары**

29 сәуір 2022 жыл, Түркістан

**«AHMET YESAVI'DEN AHMET BAYTURSNOV'A: TÜRK DİLLERİNİN GELİŞİM
EĞİLİMLERİ»
Uluslararası konferans
MATERYALLERİ**

29 Nisan 2022, Türkistan

**Материалы
Международной конференции
«ОТ АХМЕТА ЯСАВИ ДО АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА: ТЕНДЕНЦИИ
РАЗВИТИЯ ТҮРКСКИХ ЯЗЫКОВ»**

29 апреля 2022 года, Туркестан

**MATERIALS
from International conference
«FROM AKHMET YASAWI TO AKHMET BAITURSNOV: TRENDS IN THE
DEVELOPMENT OF TURKIC LANGUAGES»**

April 29, 2022, Turkestan

ӘОЖ 821.512.122.0

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ МАҚСАТ АРМАНДАРЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Филология ғылымдарының докторы, профессор Дина Алкебаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: alkebaeva@mail.ru

Аннотация

Мақала қазақтың біртуар тұлғаларының өкілі А. Байтұрсынұлының саяси тұлға ретінде танылуы мен ұлттық мақсат пен мүдде жолындағы қоғамдық-саяси қызметіне арналған. А. Байтұрсынұлының қазақ халқының қоғамдық санасын қалыптастыру жолындағы атқарған сан алуан саяси қызметінің мәні қарастырылады.

Түйін сөздер: саяси тұлға, мемлекеттік саясат, билік, қазақ зиялылары, тәуелсіздік, ұлттық мүдде, ұлт-азаттық қозғалыс, қоғамдық сана.

Аннотация

Статья посвящена становлению выдающегося личности представителю казахской интеллигенции А. Байтұрсынова как политический личности и его социально- гражданской роли на пути защиты национальных интересов. Формулируется политическая деятельность национального деятеля на пути формирования общественного сознания казахского народа.

Ключевые слова: политический личность, государственная политика, власть, казахская интеллигенция, независимость, национально-освободительное движение, общественное сознание.

Annotation

The article was written by a representative of prominent Kazakh personalities. It is dedicated to A. Baitursynov's recognition as a political figure and his socio-political activity in the pursuit of national goals and interests. The essence of Baitursynov's various political activities in the formation of public consciousness of the Kazakh people is considered.

Key words: Political figure, state policy, power, Kazakh intellectuals, independence, national interests, national liberation movement, public consciousness.

Açıklama. Makale, önde gelen Kazak şahsiyetlerinin bir temsilcisi tarafından yazılmıştır. A. Baitursynov'un siyasi bir figür olarak tanınmasına ve ulusal amaç ve çıkarların peşinde sosyo-politik faaliyetine adanmıştır. Kazak halkının kamu bilincinin oluşumunda Baitursynov'un çeşitli siyasi faaliyetlerinin özü göz önünde bulundurulur.

Anahtar Kelimeler: Siyasal figür, devlet politikası, iktidar, Kazak aydınları, bağımsızlık, ulusal çıkarlar, ulusal kurtuluş hareketi, halk bilinci.

Қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі, мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының өмір сүрген уақыты мен саяси қоғамдық қызметінің өзі тарихи оқиғаларға толы кезең еді. Ол 60 – жыл бойы «халық жауы» атанып, 1988 жылы 23 декабрь айында ғана есімі мен мол мұрасы халқына қайтарылды. Бұл туралы Р.Сыздықова «сөз құдіретін танытқан, қазақ халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған А. Байтұрсынұвтай қоғам қайраткерінің есімі туған халқына қайтарылып отыр», - деген еді [1, 3б.]. Осы кезең қазақ қоғамының тарих сахнасына талай ұлттық мақсат –мүдде, азаттық, тәуелсіз ел болу идеяларының пісіп жетіліп қауызын жарып шығатын сәттерінің дер шағы деп айтуға болады. Олар ағартушы – демократтық идеяларымен патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы шығып, ұйқыда жатқан қалың қара халықты бірлікке, оқу-ғылымға шақырып, баспасөз

арқылы рухани күш-қуатқа жігерлендіріп, әлеуметтік саяси өмірге араласуға үндеп, қоғамдық – саяси көзқарастарының қазақ қоғамында толық орнығуына тікелей қызмет етті.

XX ғасырдың басындағы саяси оқиғалар қазақ елінен сырт қалып қойған жоқ, алғашқы орыс революциясы, патша өкіметінің отарлау саясаты, 1-ші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт – азаттық күрес, 1917 жылғы қазақ төңкерісі, қазақ елінің саяси – әлеуметтік өмірінің ауырлығы тарих сахнасына қазақ зиялыларының шығуына тікелей ықпал етті, олар ел өмірінің саяси жағдайына толық араласты олар осы түрлі қоғамдық сипат алған ірі шаралардың жаңа сипат алып сапалық дәрежесінің артуына тікелей басшылық жасады.

Тарихты адамдар жасайды, сәт сайын тарихи оқиғалар тізбегіне өзінің шағын түзетулерін енгізеді, бірақ аз ғана адамдар оны түбегейлі өзгертуге қабілетті, тек өзіне ғана емес, сонымен бірге бүкіл мемлекет ұстанатын жолға әсер етеді, олай болса Ахмет Байтұрсынұлының қоғам қайраткерлі болуына сол кезеңдегі тарихи оқиғалардың саяси талабы оның өмірінің саяси мәніне айналды. Ахмет Байтұрсынұлының саяси көзқарастарының қалыптасуының алғышарттары қазақ өмірінде үлкен мектептер болғанына тікелей байланысты. Қазақ еліндегі ағарту – мәдени саяси өзгерістері Ыбырай Алтынсарыұлы және қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында XIX ғасырдың екінші жартысы өзгерістерге толы болды. Бұл қазақ дүниетанымының тарихындағы өте ғажайып феномен болғандығы белгілі. Екінші бір үлкен мектеп саяси топтардың пайда болуы және олардың саяси – әлеуметтік мәселелерге аса мән беріп тарихи бағаммен оны өзгертудің тетіктерін іздеген қазақ зиялыларының өкілдері болатын. Олар Петербург, Мәскеу, Қазан, Омбы, Орынбор және Варшава қалаларынан білім алған білімді адамдар еді. Олар туған халқының азаттығы жолында ондаған жылдар бойы үздіксіз әрі табандылықпен күрес жүргізді. Қазақ зиялыларының басым көпшілігі оқу-ағарту ісімен де, қазақ тілінде жарық көрген алғашқы басылымдарды шығарумен де, жан-жақты шығармашылық жұмыспен айналысып, қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Осы жылдары қазақ интеллигенциясының алғашқы легінің белгілі өкілдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатұлы, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Ж.Досмұхамедов, Б.Қаратаев, М.Дулатов, т.б қазақ халқының азаттық пен бостандыққа шақырған өздерінің күш – жігерін аямаған саяси күрескер тұлғалар халықтың бостандығы мен азаттығы үшін үздіксіз әрі табандылықпен күрес жүргізді. Қазақ зиялыларының басым көпшілігі оқу-ағарту ісімен де, қазақ тілінде жарық көрген алғашқы басылымдарды шығарумен де, жан-жақты шығармашылық жұмыспен айналысып, қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Бірінші орыс революциясы ықпалымен қазақ жерінде үлкен саяси мәселелерді саналы түрде ой елегінен өткізген, орыс империясының орталықтарында пайда болған түрлі саяси ұйымдардың пайда болуының себептерін жақсы түсінген, олар қазақ елі үшін не істеу керек деген мәселерге жаңаша мән берген болатын. Осындай іргелі тарихи оқиғалардың тізбегінен тамырланып шыққан қазақ зиялылары тарих сахнасына шықты. Қазақ зиялылары олар қазақ елі үшін үлкен саяси мәні бар қоғамдық жұмыстар атқарды. Патша үкіметі қазақ халқын екі бағытта отарлады. Біріншісі қазақ елінің кең байтақ сарыарқадай жерімен табиғи байлығы тұнып тұрған жерінің асты мен үстіне көз салды, екіншісі дінінен, ділінен, тілінен рухани жағынан да отарлады.

Қазақ ауылының басқару жүйесі екі билік жүйесінің тақсиретін тартты. Бірі--патша үкіметі болса, екіншісі байшонжарлар өкілдері. Қазақ өлкесіндегі Қазақстанда әлеуметтік – экономикалық және саяси жағдайлар, аграрлық, ұлттық және белгілі дәрежеде таптық шиеленісте көрініс тапты. Қазақстанда осы шиеленістен туындаған аграрлық және ұлттық-азаттық қозғалыс ең алдымен отаршылыққа қарсы бағытталды. Осы тарихи оқиғалардың басында А.Байтұрсынұлы есімі аталынады. Ахмет Байтұрсынұлы орыс-қазақ мектебінен

білім алып, Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. 1895 жылы "бастауыш училищенің оқытушысы" деген атаққа ие болған оның оқытушылық қызметі басталады. 1909 жылға дейін ол Ақтөбе, Қостанай мен Қарқаралыда, Торғай облысына да мұғалімдік қызмет атқарады.

Бұл кезен Ахмет Байтұрсынұлы оқу –ағартушылық кезені және саяси көзқарастарының алғашқы қадамы деуге болады, себебі ол әр жерде ағарту саласында қызмет істегенде қазақ қоғамының ауыр тұрмысынан саяси өмірінен толық хабардар болды. Ахмет Байтұрсынұлының саяси көзқарасы оқу – білім ағарту саласында тамырланды. Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың өкпесі» (1911) атты мақаласында : ... Жоқты барға теңгерген ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз...» Осы ғылым мен өнерді керек қылатын «қазақтардың» көбеюі Ахмет Байтұрсынұлының ойынша халықты тығырықтан шығаратын сара жол болып табылады. «...Ұлттық білім беру ренессансының бастауы бола білген Ахмет Байтұрсынұлының 15 оқу құралының авторы болған » ұлттық мақсат мүдденің бастауы білім екенін ол өмір бақи естен шығармады [2. 6 б.].

Белгілі зерттеушілердің айтуы бойынша А.Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылғы Ресейде басталған тарихи оқиғалармен сабақтас болып келеді [1, 7 б.]. Ахмет Байтұрсынұлы өз заманының саяси тұлғаларындай саяси – қоғамдық мәселелерге ерте араласты. Ол ақындық, оқытушылық қызметте жүре бергенде оның саяси күрескерлік қызметі жанданбас па еді. 20-ғасыр әр ұлттың қоғамдық –саяси өміріне үлкен өзгерістер әкелген уақыт болатын. А.Байтұрсынұлының өмірі мен саяси қоғамдық қызметі саясатпен сол кездегі қазақ елінің саяси тағдырымен оның сол оқиғалармен араласуының арқасында оның қоғамдық көзқарасы қалыптасып саяси ұстанымдарының негізінің қалануына зор ықпал етті. Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істері, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, баспахана ашып, газет шығару, қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату мен ұлт мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізудің көптеген талап - тілектері сияқты мәселелері көтерілді. Сол кезеңнен бастап Байтұрсынұлы жандармдық бақылауға алынды. 1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалып, екі жылдан кейін Орынборға жер аударылады. Семей 1909 жылы 1 шілдеде түрмесіне де жабылды. Бұл уақыт А. Байтұрсынұлының саяси тұлға, күрескер болуының алғашқы қадамдары деп айтуға болады. 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлының қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару туралы мәселе көтерген болатын. Орынборға келу уақыты Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезені оның қоғамдық-саяси қызметінің нағыз толысу кезені деп айтуға болады. Ахмет Байтұрсынұлының қалыптасуы мен еңбек жолында Орынбор қаласының маңызы туралы ғылыми еңбектер де жазылды [3, 57 б.].

Әр заманының ойшылдары дүниенің, болмыстың, өмірдің мәнін алам тағдырымен байланыста бір тұтастықта қарап, олардың санасын өзгертіп халықтың әлемдік өркениет үлгісімен рухани жағынан өзгерту негізгі ұлттық мүддеге апаратын жол екенін ағартушылық пен саяси ахуал екенін олар жақсы түсінді. Өз халқының ежелгі өмір салтындағы дүниетанымдық мәдениеттің заман талабымен ұштастырып әлемдегі тарихи мәні бар қажеттіліктерімен сабақтастырып, адамзатқа өмір бақи ізгіліктендіру ұстанымдарын жаңа біліммен таныстыруды олар ұлттық мүдде мақсат деп таныды. А. Байтұрсынұлының осындай саяси –әлеуметтік мәселелерді терең түсініп қазақ халқының өмір тіршілігіндегі ауыр хал, білімсіздік, әлеуметтік өмірдегі толып жатқан кемшіліктерді түзетуге, тұрмысын, өмірін өзгертуге болатын түрлі қағидалар мен ақпараттық дүниелерді «Қазақ» газеті арқылы қалыптастырды. «Қазақ» газеті Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. сияқты көрнекті қайраткерлердің қуаты мен күштерінің арқасында, қазақ халқының санасын оятуда айтарлықтай роль атқарып, халықты толқытар мәселелерді жеткізуге мүмкіндік берді. «Қазақ» газетінің тұңғыш санында

«...газета - халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», - деген ой-тұжырымы арқылы газеттің қоғамдық өмірде алатын айрықша рөлін айқын көрсеткен [4]. 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге, жер мәселесін талқылауға қатысты сондай – ақ қазақ елінің саяси – әлеуметтік өміріне қажетті мазмұнды ақпарат кеңістігіне жол салды. А.Байтұрсынұлы жер мәселесіне аса көңіл бөліп қазақ жерінен айырылса, күні қараң болатынын айтады [6, 233 б]. Сонымен, ұлт зиялылары қазақ халқын әкімшілік жағынан басқаруда қолданылып отырған принциптердің, ережелердің қазіргі уақытта олардың өмір жағдайына сай келмейтіндігін атап көрсетіп, оны қайта қарау қажеттігін ұсынды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің мақсаты мен міндетін түсіндірген арнауында «Аталы жұртымыздың адуынды ұлтымыздың әруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десеңдер, азаматтықтың зор жолының бірі осы». «Қазақ» газеті жалпыхалықтық мүдделерді көтеріп, «ұлт үшін деген күштің ұлғаюына» қызмет етуге екендігін басып айтты [4].

«Тарих – бұл табиғи тарихи процесс», немесе «тарих – саясатшылар әрекетінің нәтижесі», - деп санайды басқалары. Тарих туралы ортақ көзқарас – тұтас адамзат қоғамының тарихында да, жеке алғанда ұлттар қоғамының тарихында да басты рөлді ұлы тұлғалар атқарады. Ұлы тұлғалар – өздерінің саяси немесе рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандыра алып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар. Сондықтан кез келген мемлекет тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы көрінеді, тарихтың өзі де кейде осы тұлғалармен сәйкестендіріледі. Қазақ газетінен кейін ол «Алаш» партиясының жұмысына белсене араласады. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алған болатын. Алаш партиясы тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім 1917 жылғы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып, съезд оны даярлауды Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бір топ қазақ зиялыларынан құрылған айрықша бюроға тапсырды. XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Алаш партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және тарихта алатын орнында А. Байтұрсынұлының есімі айырықша аталынады. XX ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы болатын. [6]. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев, Жаһанша Досмұхамедов, Мағжан Жұмабай, Сәкен Сейфуллин, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов тағы басқалар одан әрі дамытты. «Қазақ» газетінің қазан күнгі санында «Алаш партиясы» деген бас мақала жариялап: «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп, қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр», - деп жазады [6]. «Алаш» партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан бастап қалыптаса бастайды. «Қазақ» газетінің 21 қараша күнгі санында «Алаш» партиясының бағдарламасы басылып шығады. «Қазақ» газетінің қазан күнгі санында «Алаш

партиясы» деген бас мақала жариялап: «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп, қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр», - деп жазады. Қазақ газетінен кейін ол «Алаш» партиясының жұмысына белсене араласады. Ұлттық буржуазиялық идеологиясын басшылыққа алған ұлт мүддесіне арналды, бірақ А.Байтұрсынұлының саяси көзқарасы сонау патша өкіметіне петиция жариялаған уақыттан бастап қалыптаса бастағанын ескерсек, саяси көзқарастары нағыз саяси тұлға ретінде тарих сахнасына көтерілді. Бұл ұлттық сананың оянып ел, ұлттық мемлекет болуға ұмтылуының алғышарттары жасалынған уақыт еді. Оны елде жасалынып жатқан іс –шаралар арқылы құжаттар арқылы дәлелдеп айтсақ, онда ол А. Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты [5]. 1917 жылғы Ақпан, Қазан төңкерістері Ресей ішінде де толық түсінбестікпен өткендіктен қазақтың Алаш зиялылары Кеңес үкіметі тарапынан қолдау таба алмай ұлттық мемлекет құру мүмкіндіктері жүзеге де аспай қалды. Осы кездегі тарихи оқиғаладың тез жылдам өтуі, атап айтқанда Қос үкіметтің салдары түрлі адаулар мен ел ішіндегі тұрақсыздықтардың да ықпалы зор болды. Қазақ зиялыларының алдындағы мәселе халықтың саяси –экономикалық, әлеуметтік, рухани мәдениетін көтеру екенін алаш зиялылары жақсы түсінді. Осы саяси мәселелердің басында саяси тұлға ретінде А. Байтұрсынов тұрды. 1917 жылғы тарихи көзқарасы мен әлі мешеу кезеңнің ықпалында жатқан қазақ елінің бірден мемлекет болып кетуі тым қиын еді. Осының бәрін А. Байтұрсынов тарихи тұрғыдан «Революция және қырғыздар» деген мақаласында анықтап түсінік бере отырып саяси талдау жасаған болатын. Осы тарихи кезеңдерді дұрыс бағамдау арқылы қазақ халқының мәдени рухани жаңғыру әлеуетін көтеру, білім мен ғылым арқылы санасын оятып қоғамдық көзқарасын қалаптастыру керек екенін ол жақсы түсінді. Сондықтан езгі мен тар бұғауынан шығу тетіктерін халықтың әлеуметтік – экономикалық мәдени бітім болмысын қалыптастыру сол жолда тер тегу керек екенін түсінген ол өз өлеңдері мен мысалдары арқылы идеялогиялық ағартушылық саясат пен ғылым арқылы қол жеткізуге болатынын айта кету керек. А. Байтұрсынов : «Менің идеалым--- мүмкін болғанша қазақ халқының мәдени деңгейін көтеру, өйткені білім, мәдениет—оның өсіп өркендеуінің кепілі. Қандай билік осы міндетін атқара алса, мен сол билікке риза болмақпын» - дейді.

Ол – «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің бұрынғы басшылары мен мүшелеріне Совет үкіметінің 1919 жылғы 4 апрельде жарияланған амнистиясы. Бұл амнистия В.И. Ленин өлгенше, одан кейін де екі- үш жылдай күшінде болып, қазақ интеллигенциясының көптеген өкілдерінің совет мекемелері мен басшы органдарында адал қызмет етулеріне мүмкіндік берді. Тіпті А. Байтұрсынов сияқты қайраткерлердің большевиктер партиясы қатарына кіруіне жол ашты. 1919 жылдың көктеміне қарай Кеңес үкіметімен өзара ымыраға бару қазақ елі үшін табиғи құбылыс болатын. Сондықтан да Алашорда үкіметінің шешімімен және оның атынан Ахмет Байтұрсынұлы келіссөз жүргізу үшін Мәскеуге аттанды. В.Ленин бастаған үкімет қазақ ұлт-азаттық қозғалысымен, оның құрған Алашорда үкіметінің ең басты талап-тілегін мойындап, қазақ автономиясын жариялауға келісім берді. Кеңес өкіметі өзінің тұғырын бекітіп алған соң бір кезде отар елдерді әлі де уысынан шығармай, өздерінің құрамындағы ұлттардың сол кезеңдегі талап-тілектерін мойындаудан бас тартып, билікті басқаша «мәдени» түрде жүргізгісі келді. 1920 жылдан бастап-ақ, яғни азамат соғысында жеңіске жеткен соң, қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларына қарсы репрессиялық шараларға көше бастады. Империя құрамындағы ұлттардың сол кезеңдегі талап-тілектерін мойындаудан бас тартты. 2019 жылдың 24 июнінде РСФСР Халық Комиссарлар Советінің Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитет тағайындау туралы қаулысы болатын. Бұл комитеттің председателі болып С.С. Пестковский, Сейтқали Мендешев, Бақытжан Қаратаев, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамедияр Тұнғаншин, В.Л.Лукашев, Әліби Жангелдин мүшелері болып тағайындалды.

Қаулыға В.И. Ленин қол қояды. А.Байтұрсынов Совет үкіметінің, мемлекет қайраткері ретіндегі қызметін В.И.Лениннің маңдатымен бастайды. Комитеттің шаруасымен В.И.Лениннің алдында болып, жүзбе-жүз сөлеседі. Қазақ өлкесінің саяси және экономикалық жұмыстарындағы қиыншылықтарды айтады. Владимир Ильич председатель С.С. Пестковский екеуін жақсы қабылдап, сөздерін тындайды, өлкені басқару жөнінде бірнеше нұсқалар жасау керектігін, оларды қазақ тіліне аударып және граммофон пластинкаларына жазып халық арасына тарату керектігін айтады. Ол – «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің бұрынғы басшылары мен мүшелеріне Совет үкіметінің 1919 жылғы 4 апрельде жарияланған амнистиясы. Бұл амнистия В.И. Ленин өлгенше, одан кейін де екі- үш жылдай күшінде болып, қазақ интеллигенциясының көптеген өкілдерінің совет мекемелері мен басшы органдарында адал қызмет етулеріне мүмкіндік берді. Тіпті А. Байтұрсынұлы сияқты қайраткерлердің большевиктер партиясы қатарына кіруіне жол ашты. А. Байтұрсынұлының саяси тұлға ретінде танылуының ең басты көрсеткіштері оның саяси мәндегі мақалаларынан да толық көрініс табады. Атап айтқанда, «Сот ісіне хакімдердің қатысы», «Билікті орнына келтіру», «Қазақ халқын билеу туралы 1868-ші жылы шыққан уақытша положение», «Торғай справка», «1891-ші жылы 25 мартта шыққан степной положение, яғни осы күнгі положение», «Сайлау және партия ережесі», «Осы күнгі соттың тәртібіндегі кемшіліктер,» «Сот ісіне хакімдердің қатысы», «Билікті орнына келтіру», «Көшпенді қазақтардың сотын» өзгертудің лебізі», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек», «Таптық әм кеңес құрылысындағы рушылдықтың әсері» атты мақалаларында қоғамдық-саяси өмірдегі ғасырлық артта қалушылықпен, кертартпалықпен байланысты жайттардың мәніне терең үңілуімен ерекшеленеді [6]. Өзінің бар өмірін қазақ халқының бостандығы мен ерікті ел тәуелсіздігі жолында жанқиярлықпен тер төккен А. Байтұрсынұлы өмірі ұрпақтан –ұрпаққа үлгі –өнеге. Қазақ халқы азаттықтық арманына жететіне ол үлкен тәуекел мен жомарт жүреппен талай азапты да қасіретті күндерді бастан кешірсе де, қасқайып қарсы тұра білді.

Қазақта "Темірқазықты білсең жолыңнан адаспайсың" деген мәтел бар. Ендеше А.Байтұрсынұлындай саяси тұлға өз ұрпағына "Темірқазықтай" жол сілтеп бағыт көрсетіп тұрады, тәуелсіздіктің туы желбіреп тұратынына сенім мол.

Әдебиеттер:

1. Р. Сыздық Ахмет Байтұрсынов- Алматы: Алматы Қазақ ССР «Білім » қоғамы, 1990, 52 бет.
2. Байтұрсынұлы .А. Бес томдық шығармалар жинағы—2-том.-Алматы: -« Алаш» - 2004.480 б.
3. Тугай Т.И. Ахмет Байтұрсыновтың Орынбордағы жолы / Тугай Т.И. Орынбор: АҚБ «Университет», 2019.-191 б. 2.Тугай Т.И. Оренбургский путь Ахмета Байтұрсунова / Тугай Т.И. Оренбург: ООО ИПК «Университет», 2017. -188 с
4. Қазақ. – 1913. -№1.
5. Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалар. Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде. 3-кітап / ҚР ҰҒА академигі А.М.Ғазалиевтің редакциясымен. – 2-ші басылым, өңдел. және толық. - Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. – 120 б.
6. Байтұрсынұлы. А Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу/құрастырған Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. 464 бет.

МАЗМУНЫ İÇİNDEKILER СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

АБДУКАМАЛОВА Э., ЖЫЛҚЫБАЙ Г.	Қазақ, татар және чуваш тілдеріндегі сұрау, өздік, жалпылау есімдіктерінің лексика-морфологиялық сипаты.....4
АБДУЛХАНОВА М, ЫБЫРАЕВА Ү.	Қазақ тіліндегі ұлттық дүниетанымның тілдегі көріністері.....11
AGASIYEVA M. S.	Specific characteristics of verbs expressing work and action in khinalig language..... 15
АҒАТАЙ Ө.М.	Қазақ ақын-жыраулары жырлаған ноғайлы батырлық дастандарының қысқаша тарихнамасы.....17
АДИЕВА П.М.	Қаһармандық жырлардағы кейбір сөздердің заманауи көріністері және оларды трансформациялау.....25
ADIYEVA P.M.	Folklorik nesir türlerinin sistemi.....30
АЛИЕВА Л.А.	Эпосы, хранящие древние следы истории.....37
А.ЛАХВЕРДИЕВА Л.Н., БАЛТАБАЕВА А.Ю.	Вопросы исследования и пропаганды наследия НИЗАМИ ГЯНДЖЕВИ.....43
АЛКЕБАЕВА Д.	А.Байтұрсынұлы – ұлттың мақсат армандарының темірқазығы49
АРЫСОВА Г.	Қазақ тілінің дамуындағы рухани құндылықтар.....55
БАЙБОСЫН Ө. М.	Моңғол тілінен енген қазақ топонимдері60
БЕКМАҒАМБЕТОВ Ш.	Қазіргі фонология мәселелері және генетикалық дыбыстаным.....66
BEKNIYAZOV B. K.	Qoraqalpog'iston qozoqlari tilidagi somatik frazeologizmlarning konseptual tahlili.....71